# Халықаралық жария құқық субъектілері

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ТЕРРИТОРИЯ ТҮСІНІГІ

# РЕЖИМДЕР

**МЕМЛЕКЕТТІ К ТЕРРИТОРИЯ**

**ХАЛЫҚАРАЛЫ Қ РЕЖИМІ БАР ТЕРРИТОРИЯ**

**АРАЛАС ТЕРРИТОРИЯ**

Халықаралық құқық мемлекеттілік үшін үш аса маңызды элементтерді бекітеді: мемлекеттің территориясы, халқы және үкіметі.

# Силенд Княздығы кейсі

Халықаралық қауымдастық үшін Силенд Княздығына көрсетілген элементтердің екеуі тән емес:

1) Территория – табиғи жер учаскесі
2) Халқы: халық саны маңызды болмағандықтан, осы элементті анықтау үшін қоғам арасындағы байланысты анықтау қажет. Қоғамның біркелкі мемлекет құру мақсаты болуы қажет.

Мемлекеттің территориясы тек табиғи жер учаскесі ғана емес, ол мемлекет егемендігі таралатын жер, жерасты қазбалар, сулар* мен әуе кеңістігі болып табылады.

Мемлекет өзінің территориясында абсолютті егемендікке ие. Яғни өзінің жер, су, жерасты қазбалары мен әуе кеңістігінде абсолютті билік пен бақылау жүргізеді.

Алайда, осы абсолютті билікті шектеудің ерекше жағдайлары

БҰҰ  Қауіпсіздік Кеңесінің 1973 резолюциясы арқылы 2011 жылы Ливия мемлекетінің әуе кеңістігінде   ‘no-fly’ zone бекітілді.

Мемлекеттік шекаралар қалай бекітіледі?

және

Шекаралар міндетті түрде бекітілуі қажет пе?

## Делимитация

# Іргелес мемлекеттер арасындағы келісім бойынша мемлекеттік шекараның орналасуы мен бағытын анықтау.


ГЕРМАНИЯ
ПОЛЬША
УКРАИНА
ЧЕХИЯ
СЛОВАКИЯ
ВЕНГРИЯ
РУМЫНИЯ
БОЛГАРИЯ
ГРЕЦИЯ
ИТАЛИЯ
а
ДРК
ТАНЗАНИЯ
ЗАМБИЯ
МАЛАВИ
МОЗАМБИК
ЗИМБАБВЕ
б
МАРОККО
АЛЖИР
ЗАП. САХАРА
МАВРИТАНИЯ
МАЛИ
в
ФРАНЦИЯ
АНДОРРА
ПИРЕНЕИ
ИСПАНИЯ
г

# Демаркация

Делимитациядан кейінгі процедура, оған сәйкес шекараны арнайы белгілер арқылы жер учаскелерінде орнату



## Federal Republic of Germany v. Denmark; Federal Republic of Germany v. Netherlands (1969) ICJ (The North Sea Continental Shelf Cases)

Сот шешімі бойынша, халықаралық құқықта құрлықтық шекаралардың міндетті түрде толығымен бөлінуі мен белгіленуі туралы ереже жоқ. Оған дәлел Албанияның Ұлттар Лигасы мүшелігіне кіруі болып табылады.

Monastery ofSaint-NaoumAdvisoryOpinion

Мемлекеттердің территорияларды иемдену жолдары қандай?

# Территорияны иемдену кемінде 4 жолмен жүзеге асуы мүмкін

Оккупация

Цессия

Аккреция

Прескрипци
я

# Оккупация мен прескрипция

- Бүгінгі күні осы әдістер тәжірибесі өте сирек кездеседі
- Мемлекеттің біржақты әрекеттері арқылы жүзеге асырылады

# Оккупация

Заңды оккупация дегеніміз, ешкіммен басып алынбаған территорияларға өз егеменді құқықтарын жүзеге асыру. Яғни мемлекеттер тек terra nullius (ешкімге тиесілі емес) жерлерді басып ала алады

# Indonesia v. Malaysia (2002) ICJ (The Pulau Ligitan and Pulau Sipadan Case)

- Сот effectivities (эффективті билік) екі элементін көрсетеді:
- 1) егеменді билік ретінде әрекет ету ниеті
- 2) осы билікті жүзеге асыратын немесе көрсететін қандайда фактілік әрекеттер жасау

# Прескрипция

Халықаралық құқық бойынша, белгілі бір мемлекеттің тұрақты және үздіксіз егеменді билігі фактілік жүзеге асырылған территория осы мемлекетке тиесілі болады. Сонымен қатар, осындай билікті жүзеге асыруға басқа мүдделі мемлекеттердің келісімі қажет.

# Прескрипция талаптары

- Иелену  егеменді билікпен жүзеге асуы қажет (à titre de  souverain)
- Иелену бейбіт және үздіксіз болуы қажет
- Иелену ақылға қонымды ұзақ мерзім құрауы қажет

# Malaysia v. Singapore (2008) ICJ (Case Concerning Sovereignty over Pedra Branca/Pulau Batu Puteh)

- Сот шешімі бойынша, Сингапурдың Малайзия лауазымдарына шамшырақты техникалық қамтамасыз ету мен қорғау мақсатында ғана рұқсат берген емес, Сингапур әрекетін Малайзия лауазымдарымен арал суларын аралауға рұқсат берді. Нәтижесінде Сингапурдың осы әрекеттері егемен ретінде (à titre de souverain) әрекет еткенінің дәлелі болып табылады.

# Цессия

- Келісімшарт бойынша бір мемлекеттің басқа мемлекетке территоияны беруі.
- Мысалы, 1867 жылы Ресей Империясы Солтүстік – Америка Құрама Штаттарына 7,2 млн. АҚШ долларына Аляcканы сатып жіберді

# Аккреция

- Табиғи апаттардың немесе жасанды құрылғылардың салынуы нәтижесінде мемлекет территориясының үлкеюі аккреция деп аталынады. Бұл жағдайда мемлекет территориясы оның қалауы бойынша емес, басқа күштердің нәтижесінде өзгереді.
- Мысалы, жасанды су дамбаларының құрылуы мен жасанды түрде топырақты себу арқылы Голландия мемлекеттің жағалау бөлігін үлкейтті

# Халықаралық теңіз құқығы

# Теңіз құқығын реттейтін қайнар көздері

- Теңіз құқығы туралы Женева Конвенциялары, 1958 ж.
- Теңіз құқықғы туралы БҰҰ Конвенциясы, 1982 ж.

# Теңіз кеңістігінің бөлінуі

**Территориалды теңіз**

**Іргелес аймақ (прилежащая зона)**

**Құрлықтық қайраң (континентальный шельф)**

**Ерекше экономикалық аймақ**

# Мемлекеттің ішкі сулары

- Жағалау және бастапқы сызықтар арасындағы су кеңістіктері жатады
- Мемлекеттің абсолютті егемендігі таралады
- Ішкі сулардың  шекарасы ұлттық заңнамалармен реттеледі
- Порттар бойынша сыртқы шекара тіке сызық арқылы өлшенеді.

# Архипелаг сулары

- Халықаралық құқықпен танылатын ерекше режим
- 1982 жылғы БҰҰ Конвенция бойынша архипелаг су территориясын санау механизмі бекітілген
- Тек архипелагты мемлекеттерге ғана таралады (Индонезия, Фиджи, Филлипины)

# Территориялық теңіз

- United Kingdom v. Iceland (Merits)(1974) ICJ REP 3 (The Fisheries Jurisdiction Case)

# Территорялық теңіз (1982 Конвенция бойынша)

- 12 теңіз милясынан аспайды
- Бастапқы сызықтар:

1) теңіз суының ең көп қайту (отлив) нүктесі

2) ішкі сулар сыртқы сызығынан

3) базисті сызықтардан ( су жағаулауының ең шығып тұрған нүктелерін қосатын сызық)

# Территориялық теңіз халықаралық құқықтағы мәртебесі

- Территориялық теңізде бейбіт өту құқығы бекітіледі: ішкі суларға кірмей өту (транзиттік) немесе ішкі суларға кіру арқылы өту
- Мемлекеттің алдын ала келісімі қажет етілмейді

# Іргелес аймақ

- 24 теңіз милядан артық емес, территориялық теңізден кейінгі су кеңістігі
- Шектелген юрисдикция: кедендік, әкімшілік және салық, санитарлық, иммиграциялық
- Территориалды теңіз бен ішкі суларда құқықбұзушылықтарды алдын алу үшін, немесе жасалған құқықбұзушылықтар үшін жазалау

# Құрлықтық қайраң

- Federal Republic of Germany v. Denmark, Federal Republic of Germany v. The Netherlands (1969) ICJ REP 3 (The North Sea Continental Shelf Cases)

Құрлықтық қайраң жағалаудағы мемлекет құрлығының табиғи жалғасы болып табылды, осы территорияда теңіз түбін зерттеу мен теңіз түбіндегі пайдалы қазбаларды зерттеу мен өндіру мемлекеттің егеменді құқығы болып танылады. Бұл мемлекеттің айырылмас құқығы. Яғни егер басқа мемлекет осы әрекеттерді жүзеге асырғысы келсе, міндетті түрде жағалаудағы мемлекеттің айқын келісімі қажет.

# Құрлықтық қайраң, UNCLOS (1982), art.76

- Құрлықтық қайраңның сыртқы шекаралары осы баптың 4 a (i) және (ii) пунктілеріне сәйкес өткізілген бекітілген нүктелерден 350 теңіз милясынан аспайтын қашықтықта орналасады.

# Ерекше экономикалық аймақ

- Территоиялық теңіздің сыртқы шекараларынан кейін 200 теңіз милясы қашықтыққа созылатын теңіз территориясы.
- Ерекше экономикалық аймақ ерекше балық аулау аймағынан дамып келді.
- Бұл халықаралық әдет-ғұрыптық норма

Libyan Arab Jamahiriya v. Malta (Judgment) (1985) ICJ REP 13 (The Continental Shelf Case)

Denmark v. Norway (Judgment) (1993) ICJ REP 38 (Maritime Delimitation in the Area between Greenland and Jan Mayen)

# ПРАВОВОЙ РЕЖИМ МОРСКИХ И ВОЗДУШНЫХ ПРОСТРАНСТВ



# Әуе кеңістігі